

БӨЛІМ: ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Абай Құнанбаев 175 жыл

ЖАРИЯЛАНДЫ
15.12.2020СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/87258/

Абай – қазақ поэзиясының биік шыңы, құдіретті ақыны. Абайдың жүрек шерімен жазған туындыларының тағылымы мәңгілік қымбат қазына. Абай жалғыз қазақ халқының ұлы емес, адамзаттың ұлы десек артық айтқандық болмас. Әлем халқы бас иген дара тұлғамызды қай жағынан да әспеттесек біздің елдік, халықтық парызымыз болып саналады. 175 жыл бұрын ұлы ақын, философ, ағартушы, композитор, қазақтың жазба әдебиетінің негізін салушы Абай Құнанбайұлы дүниеге келді. Оның шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани байлығы. Заман өзгеріп, қоғамдық санада күрт сапырылыстар пайда болған сайын, бұл мирас өзінің жаңа бір қырларымен жарқырай ашылып, қадірін арттыра түсуде. Елбасының Абайға деген құрметі, ықылас-ілтипаты зор. Абай мұрасы – қазақтың ең қасиетті қазынасы», — дейді Нұрсұлтан Назарбаев. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде басылған кітап негізіне Елбасының баяндамасы толықтай алынған. Кітаптың төте жазуындағы, сондай-ақ ұйғыр, қытай тілдеріндегі нұсқасын Шыңжаң жастар өрендірінің баспасы шығарған. Бұл басылым да Елбасы кітапханасының қорында сақтаулы тұр.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: KZ45VPY00102718 — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.